

## **Мемлекеттік акциялар пакеттерін реттеу және бақылау туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 8 ақпандағы N 61 Alem Bank Kazakhstan акционерлік банкі мен Қазақ акционерлік агроөнеркәсіп банкіндегі мемлекеттік акциялар пакеттерін реттеу және бақылау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде одан әрі есепке алу үшін, Alem Bank Kazakhstan акционерлік реестрлерін беру туралы шешімді банктердің Байқаушы кеңестері арқылы 1996 жылдың 20 ақпанына дейін өткізсін.

2. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне екінші деңгейіндегі банктер акционерлерінің реестрлеріне есепке алуды жүргізуге уақытша лицензияны 1996 жылдың 10 ақпанына дейін берсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Alem Bank Kazakhstan акционерлік банкі мен Қазақ акционерлік агроөнеркәсіп банкі акционерлерінің реестрлерін есепке алуды жүргізу ұсынылсын.

Премьер-Министр